09.11.2026-ғы № 16-10/6311 дз шығыс хаты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ

ПРЕМЬЕР-МИНИСТР РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№

Қазақстан Республикасы
Құрылтайының депутаттары –
«Respublica» партиясы
фракциясының мүшелеріне

2026 жылғы 15 қазандағы
№ ДС-72 хатқа

Құрметті депутаттар!

Медициналық туризмді дамытуға қатысты сауалды қарап, келесіні хабарлаймын.

Елімізде медициналық туризмді дамыту мәселесі өте өзекті мәнге ие болуда. Бұл сала отандық денсаулық сақтау жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге және еліміздің әлемдік медициналық қызметтер нарығындағы позициясын нығайтуға ықпал ететін болашағы зор стратегиялық бағыттардың біріне айналып отыр.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында мынадай кешенді шаралар қабылдануда.

Бүгінгі күні шетелдіктер арасында жоғары сұранысқа ие бағыттардың тізбесі айқындалды *(кардиохирургия, онкология, трансплантология, репродуктивті медицина, ортопедия, офтальмология, стоматология және медициналық оңалту).*

Бұл ретте бірқатар бағыттар бойынша мамандардың біліктілік деңгейі және клиникалардың жарақтандырылуы жетекші шетелдік орталықтардан еш кем емес, ал Қазақстанда емделу құны Еуропа, Солтүстік Америка, Оңтүстік Корея және Парсы шығанағы елдеріне қарағанда айтарлықтай төмен.

Сонымен қатар қолданыстағы заманауи жоғары технологиялық көмек көрсету жүйесінің базасында елімізде Орталық Азияның бірыңғай медициналық хабы қалыптастырылуда.

<u>Анықтама:</u> бүгінгі күні еліміздің 10 медициналық ұйымы JCI халықаралық аккредитациясына ие, оның 7-еуі Астана қаласында, 3-еуі Алматы қаласында орналасқан.

Аталған хаб Қазақстанды көршілес мемлекеттер үшін озық медициналық қызметтер мен инновациялардың өңірлік орталығы ретінде танытуға мүмкіндік береді.

10.11.2026 Копия электронного документа.

Анықтама: жедел деректер бойынша 2025 жылы еліміздe 4 488 шетелдік пациентке медициналық қызмет көрсетілді. Ең көбі Алматы (2 685 адам), Астана (1 396 адам) және Шымкент (300 адам) қалаларында тіркелген.

Қазақстан медициналық туризм саласында айтарлықтай әлеуетке ие әрі Орталық Азия елдерінің арасында тек біздің еліміз бірқатар заманауи және бірегей медициналық қызметтерді *(протондық терапия, гамма-пышақ, күрделі кардиохирургиялық операциялар және т.б.)* ұсынатынын атап өткен жөн.

Шетелдік емделушілерді тарту мақсатында сапалы сервисті қамтитын медициналық, санаторийлік-курорттық және оңалту қызметтерінің пакеттері әзірленді *(медициналық және санаторийлік-курорттық ұйым, трансфер, тұру, тамақтану, аудармашы, оның ішінде алып жүретін адамдар үшін, прайс-парақтар),* оларды туристік агенттіктер мен елшіліктер арқылы, медициналық визаны пайдалануды ескере отырып, ілгерілету көзделген.

Пациенттің бастапқы өтінішінен бастап емнен кейінгі сүйемелдеуге дейін толыққанды қызмет көрсету маршрутын қалыптастыру көзделіп отыр. Оған медициналық ұйымдар, туроператорлар және сервистік компаниялар тартылады.

Медициналық туризмді дамытудың жүйелі тәсілін қамтамасыз ету мақсатында негізгі ұғымдарды бекітуді, уәкілетті органдар мен қатысушылардың құзыреттерін нақтылауды, сондай-ақ олардың өзара іс-қимылын үйлестіруді көздейтін заңнамалық түзетулер әзірленді *(Құрылтай қарауында).*

Сондай-ақ 2027 – 2030 жылдарға арналған медициналық туризмді дамыту жөніндегі ведомствоаралық жоспардың жобасы *(бұдан әрі – Жоспар)* әзірленді, ол нормативтік құқықтық базаны, статистикалық есепті, қызмет көрсету стандарттарын және қатысушылардың өзара іс-қимыл тетіктерін жетілдіру, сондай-ақ ғылыми медициналық орталықтар мен институттарда медициналық туризмді дамыту бойынша іс-шараларды көздейді.

Медициналық туризм саласындағы Ұлттық оператордың бірыңғай цифрлық платформасын құру шеңберінде пакеттік ұсыныстарды орналастыру, көрсетілетін қызметтерді брондау, туристерді цифрлық сүйемелдеу және мемлекеттік цифрлық жүйелермен интеграциялау мүмкіндіктерін қарастыра отырып, медициналық туризмнің бірыңғай маркетплейсі форматын енгізу жоспарлануда.

Еліміздің денсаулық сақтау саласындағы жетістіктері мен медициналық туризм мүмкіндіктері туралы ақпараттық-түсіндіру жұмысы ұйымдастырылды.

Шетелдік туроператорлар, сақтандыру және медициналық компаниялар үшін ақпараттық турларды ұйымдастыру, медициналық қызметтер пакеттерін жарнамалау, оның ішінде шетелдік БАҚ-ты тарту мәселелері пысықталды.

Әлеуетті шетелдік емделушілерді Қазақстанның медициналық ұйымдары, оның ішінде JCI халықаралық аккредитациясы бар ұйымдар мен отандық денсаулық сақтау жүйесінің мүмкіндіктері туралы хабардар етуге бағытталған мамандандырылған журнал дайындау ісі қолға алынды.

Қазақстанның медициналық көрсетілетін қызметтерін шетелдік нарықтарда ілгерілету мақсатында мүдделі мемлекеттік органдармен,

«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ-мен, туроператорлармен және медициналық ұйымдармен бірлескен жұмыс жалғасуда.

О. Бектенов

Орынд. Бекжанова А.
тел. 750002